

## №6 Лекция. Орта ғасырлардағы Араб өнері

**Дәріс сабағының мақсаты:** Ортағасырлардағы араб-мұсылман елдері өнерінің даму кезеңдерін зерттеу.

**Кілт сөздер:** Ислам, мешіт, қағба, Иерусалим, Айя-София ммешіті.

Дәріс жоспары:

1. Араб сәулет өнеріндегі ерекшеліктер
2. Орта ғасырлардағы мұсылман миниатюралары

**Ортағасырлардағы араб мемлекеттерінің шығыс бөліктеріндегі өнер.** VII ғасырдың алғашқы бөлігінде Арабия жарты аралының батысындағы Мекке қаласында жаңа дін ислам пайда болды. ислам дінінің негізін қалаушы көпестер арасынан шыққан Мұхаммед сауда сапарлары барысында әртүрлі халықтардың діни сенімдерін бақылай отырып Құдай біреу ғана және ешбір идол оны алмастыра алмайды деген шешімге келеді. Оның негізгі мақсаты соғысқа белшесінен батқан барлық араб тайпаларын біріктіріп, ислам дініне мойынұсындыру болды. 750 жылға қарай мұсылман империясы Пиренейден Үнді түбегіне дейінгі үлкен территорияны алып жатты. Халифтар жаңа діннің негізгі талаптары деп білім алу, ғылым, техника, өнерді дамытуды атады. Европа және Алыс Шығыс елдері құлдырап жатқанда, мұсылман елдерінде философия, математика, астрономия, химия, фармакология, дәрігерлік өнер мен сөз өнері дамыды. Өрнек – «көзге арналған музыка» - Шығыс Арабия халықтарының ортағасырлық өнерінде маңызды рөлге ие. Ол өнердегі кейбір бейнелеулік шектеулердің орнын алмастырып, көркемдік мазмұнды ашудың маңызды құралы болып табылады. Ортағасырлық шығыс елдерінде кеңінен таралған арабеска суретшіге бос кеңістікті толтыруға мүмкіндік беретін өрнекті композицияның жаңа түрі болды. Алғашқыда арабескада өсімдіктер бейнеленді. Кейінірек гирих – сызықты-геометриялық өрнектер пайда болды. Шығыс Арабия шеберлері үлкен сәулет ғимараттарын сәндеуде де, тұрмыстық бұйымдарды сәндеуде де арабескаларды қолдануда екі бастау өрнектің логикалық-математикалық құрылуы мен көркемдік қиылдың рухани күші үйлесім табатын көптеген композицияларды жасап қалдырды.

**Мешіт түрлері:** колонналы-аулалық, төрт айванды, куполды, ортаазиялық. Араб мемлекеттерінің сәулет өнеріндегі монументалды құрылыстың негізгі түрі мешіттер болды. Мешіт христиан ғибадатханаларымен салыстырғанда айтарлықтай ерекшеліктерге ие. Ол екі бөліктен тұрады: дәрет алуға арналған суқұбыры бар алаң мен дұға ететін орын. Мешіт солтүстіктен оңтүстікке Меккеге қарай бағыталады. Дұға ететін орында бұл бағыт(құбыла) михраб – Құран сақталатын қабырғадағы арнайы орын деп аталады. Құран оқуға арнайы

кафедра – мимбар жасалады. Ислам сәулет өнерінде мешіттің негізгі төрт түрі қарастырылады:

**Колонналы-аулалық (Каирдағы Ибн-Тулун мешіті)** – мешіттің ең көне түрі.

**Төрт айванды (Хасан сұлтан мешіті)** – көбінесе Иранда таралған.

**Куполды (Стамбулдағы Сүлейманийе мешіті)** – Түркияда таралған.

**Ортаазиялық** (үш мешіт түрінің синтезі).

**Мұсылмандардың қасиетті орындары: Меккедегі мешіп, Қағба.** Қағба – Меккедегі аль Масджид аль Харама мешітінің орталық бөлігіндегі ішкі бақта орналасқан ғибадатхана. Оның бұрыштары әлемнің барлық бөлігіне қаратылған. Бұл куб формасындағы(биіктігі 15м, негізі 12-10 см) сұр тастан жасалған, сырты қара паршамен жабылып, оның бетінен алтынмен Құран жолдары жазылған. Дәстүр бойынша паршаны жыл сайын Египетте дайындап, қажылар керуенімен Меккеге жеткізетін болған. Қағбаның ішінде мәрмән еден, үш ағаш колонна мен көптеген аспалы шамдар бар. Бұл жерде Құран сөздері сақталған. Шығыс жақ бұрышта қасиетті қара тас қойылған. Қасиетті тасты Құдай Адамға Ева екеуін жұмақтан қуған кезде берді деген аңыздар да бар. Екі күнәһарда күнәләрін мойындап, Құдай оларды кешірді. Адам алғашқылардың бірі болып тастың үстінен Қағбаны – аль Байт Ая-Харамды салды. Қасиетті орынды Ибрахим жандандырды. Содан бері, міне, 4000 жыл бойы сол орында сақталып келеді. Кейбір ғалымдар қара тасты аспаннан құлаған метеорит деп қарастырады.

**Мединедегі пайғамбар мешіті.** Меккедегі Қағбадан кейінгі қасиетті орын Пайғамбар мешіті бірнеше рет кеңейтіліп жаңарып отырды. Бүгінгі күні бұл жүздеген қажыларды қабылдауға қабілетті мәдени комплекс. Негізгі мешіт Мединедегі Мұхаммед пайғамбардың үйі болды. Мұхаммед пайғамбардың өлімінен кейін оның үйі пайғамбар мешітіне айналды да, бастапқыда ішкі құрылысы өзгеріссіз қалдырылды. Алғашқы өзгерісті Омар халиф енгізді. Ол мешіттің көлемін үлкейтіп, күйдірілмеген кірпіштен ғимарат салды. Ғимарат шатырын пальма жапырақтарынан жасап, ескі бағандарды жаңасымен алмастырды.

**Египет: Каирдағы Хасан мешіті.** Хасан мешіті – Ан-Насир Насир ад-Дин аль-Хасан сұлтанның мешіт-медресесі 1356-1363 жылдары Каирда салынды. 1385 жылы мешіт михрабының артынан сұлтанның дене қалдықтары бар саркофаг қойылды. 1670 жылы мешіт куполы салынды. Алғаш рет әскери әрекеттер нәтижесінде құлады. Хасан сұлтан мешітінің оңтүстік минареті Фарос маягына ұқсайды деп айтатындар да кездеседі.

**Амра мешіті.** Фустаттағы(қазіргі Каир) Амра мешіті 673 жылы салынды. Ол төрт минаретпен жабдықталған көп колонналы залы бар классикалық бақ

типтегі мешіттің бір үлгісі болып табылады. Бұл ғимарат та базиликадан қайта құрылып, өзінің батыстық-азиялық өнердің ықпалы айқын көрінетін бағытталған аркаларымен ерекшеленеді. Бірақ ғимараттың сәулеттік жүйесі нақты емес.

**Иерусалим. Аль-Акса мешіті.** «Аль-Акса» мешітінің негізін омейялар салды. «Аль-Акса» мешітінің шығыс бөлігінде жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесі мен табылған заттар бойынша Иерусалим қаласының осейялар тұсындағы ежелгі тарихы анықталды. Бұл жаңа ашылулар нәтижесінде қасиетті территориядағы «Сүлеймен ат қорасы», «Баб ар-Рахмат» қақпасы және тағы басқа археологиялық ескерткіштер тарихы туралы көзқарастар мен теориялар өзгерді. Көптеген зерттеушілер мен мамандар бұл ескерткіштердің тарихы Иерусалимді ислам діні жаулап алған дәуірге жатады деп есептейді. Бірақ кейінгі ашылулар бұл ойлардың бәрін өзгертті. Эль-Акс(аль Акса) мешіті – «Масджид аль-Акса». Иерусалимнің ғибадатхана таулары тұтастай бір комплексті құрайды. Мешіт орталық куполды құрылыс үлгісі болып табылады. Мешіт ғимаратының үстінде дұға уақытын хабарлайтын қылтимасы бар мұнара - минарет бой көтерген. Дұға залының артқы жағында құбыланы көрсететін белгі қойылған. Сол бөлігінде мұсылмандар бірлігінің символы – михраб қойылған. Аль-Акса мәрмәр мен ашық бояулардың болуымен ерекшеленеді. Мешіт қабырғалары софиттермен, ал аркалары түрлі түсті мозаикамен сәнделген. Суреттерде өрнегі бар түрлі түсті өсімдіктер бейнеленген.

**Омар мешіті.** Омар мешіті, Сакра – Куббат ас-Сахра (жартас куполы) – Харам-аш-Шарифф және Аль-Акса мешіті аймағы ансамбліне кіретін реликварий. Мориа жартасында 687-691 жылдары салынды. Кезінде бұл жерде Соломон патшаның ғибадатханасы орналасты. Алғашқылардың бірі болып құрылыс жұмыстарын жүргізген Омар халиф болды. Осы жартаста Мұхаммед пайғамбардың Меккеден Иерусалимге түнгі сапары барысында 5 уақыт намаз оқу туралы өсиет пен Қағда, жұмақ пен тозақ туралы өсиет алуы орын алды. Бүгінгі күні бұл әлемдегі ең көне мешіт. Жоспар бойынша мешіт сегізбұрышты, екі колонналы шеңбербермен үш бөлікке бөлінген. Мешіт куполы әлемдік рухты білдіреді, оны тіреп тұрған сегізбұрышты дабыл сегіз періштені, ал куб түріндегі ғимарат – ғарышты білдіреді. Ғибадатхана ішінде арасында мәрмәр колонналары бар 4 баған бар. Куббат ас-Сахраның негізгі элементтерінің көбісінің саны 4-ке тең, бұның себебі Аллах жазуын білдіреті 4 араб әріпі.

**Түркия. Ахмедийе мешіті (Көгілдір мешіт).** Стамбулдағы ең әдемі әрі ең үлкен мешіттердің бірі. Мешіттің 6 минареті бар: төртеуі әдеттегідей төрт жағында, ал екі ұзынырақ минарет сыртқы бұрыштарында. Ғимарат ислам

және әлем архитектурасының тамаша туындысы болып есептеледі. Мешіт Мәрмәр теңізінің жағалауында, Стамбулдың орталығы болып есептелетін Сұлтанахмет ауданында орналасқан. Мешіт - қала символдарының бірі. Мешіттің негізін Ахмед I сұлтан 1609 жылы салды. Мешіттің сәулетшісі Синанның шәкірті Седефкар Мехмет Ага болды. Мешіттің құрылыс жұмыстары 7 жылға созылып, 1616 жылы аяқталды. «Көгілдір мешіт» деген атауға өзінің көптеген көгілдір және ақ түсті керамикалық өрнектерінің арқасында ие болды. Орталық залының өлшемі 53\*51 болса, оны жауып тұратын куполдың диаметрі 23,5м, биіктігі 43 м болды. Купол диаметрі 5 м болатын бес ірі колоннаға тірелген. Мешіт өрнектері өсімдіктерді бейнелейді, ал кейбір жерлері ақ қабырғаға түрлі түсті бояу жағу арқылы сәнделген. Мешіттің едені кілеммен жабылған. Ішкі бөлігін 260 терезе жарықтандырады. Мешіт өзінен басқа құрамында медресе, аурухана, қайырымдылық қорлары, асханалар, керуен сарайлары бар комплестің құрамында болды. XIX ғасырда аурухана мен керуен-сарайы бұзылды. Мешіттің төрт минаретінің 3 қылтимасы мен қылтмада 2 минреттен бар. Алғашқыда қылтималар саны Ахмед I-дің ұрпақтар – османдық сұлтандар санымен бірдей 14 болды. кейін Ахмед I-дің ұлдарында сұлтандар қатарына қосқандықтан тағы да 2 қылтима қосылды. Мешіт жанынан Ахмед I-дің өзі жерленген кесене салынды.

**Сүлейман мешіті.** Жоспары бойынша мешіт Айя-Софияға ұқсайды. 1000 жылдан кейін Айя-София үлгісінде заң шығарушы Сүлейменге арнап салынды. Бірақ куполдарының диаметрі бойынша Сүлейманийе Айя-Софиядан әлдеқайда үлкенірек және Стамбұл мешіттерінің арасында бірінші орынға ие. Мешіт фасадының алдында портпен жабылған бақ, ал бақтың ішінде заң шығарушы билеуші Сүлеймен мен әйелі Хурремнің ескерткіштері қойылған. Бақтың маңынан Синан шебер Сүлеймен медресесін тұрғызды. Бұл медресе жеке қалашық түрінде салынған. Комплекске қарама-қарсы жақта Эввел(бірінші) және Сани(екінші) медреселер орналасқан, ал екінші жағында Халич-Салис(үшінші) және Раби(төртінші) медреселер бар. Бақтың кіретін есігі комплекс сыртында медресе ортасындағы 11 қақпа арқылы өтеді. Мешіттің оңтүстік қабырғасы маңында діни рәсімдерге арналған субұрқақ қойылған. Мешіттің батысында орналасқан алдыңғы бақтың 3 кіретін есігі бар. Бақта 24 мәрмәр колонна қойылған. Галерея портын 28 купол сәндеп тұр. Алдыңғы баққа бағытталған терезелер Құраннан алынған араб жазуы жазылған керамикамен сәнделген. Алдыңғы бақтағы төртбұрышты мәрмәр құрылыс Қасиетті Қағбаны еске түсіреді. Ғимараттың өзінде 10 «шерефесі» бар 4 минарет бар. Синан негізін қалаған 4 минарет - 4 сұлтанды, ал 10 «шефере» - оттомандық империяның 10 сұлтанын білдіреді. Сүлейманиенің шамамен алғандағы өлшемі 57\*60м, алып жатқан көлемі 4500 м<sup>2</sup>. Намаз оқу

кезінде әр адамға 1 м<sup>2</sup> жер тиесілі. Ал құлшылық ету кезінде 5000-дай адам қатысады. Сүлеймание мешіті Стамбұлдағы Ахмедийе мешітінен кейінге екінші үлкен мешіт. Мешіттің орталық куполының биіктігі 50 м, ал диаметр 26,5м. Мешіттің жұп куполдары тау хрусталімен сәнделген. Мешіт қабырғалары керамикалық плиталармен сәнделген.

**Айя-София.** Константинопольді басып алған соң Сүлейман патша оны Стамбұл деп ауыстырды. Қасиетті София соборының ішкі бағы маңынан 4 кербез минарет бой көтерген, ал аркалардың жоғарғы жағында 3 қатар купол пайда болды. қабырғаның ішкі бөлігі геометриялық және өсімдік типтем өрнектермен, Құраннан алынған үзінділермен сәнделді.

### **Кордоба халифаты тұсындағы Испания өнері.**

**Альгамбра.** Альгамбра (арабша, «иль хамра» - қызыл) – Гранада әмірлерінің бекініс-сарайы, Испаниядағы қала(Андалусия аймағы). Альгамбраның негізгі қалаған Ион Ахмар (1238-1273) қалады. Бізге жеткен сарай құрылысы Юсуф І мен оының ұлы Мұхаммед V билігі кезінде салынған. Құрылыс жұмыстары Мұхаммед VII тұсында аяқталды. Арабтардың Испаниядағы билігін Гранададан көруге болады, соның мысалы ретінде Альгамбра сарайын айтсақ болады. Сарайдың жарты бөлігі қираған, екіншісі патша бөлмесі қызметін атқарған бөлігі бүгінгі күнге дейін жеткен. Галерея арқылы субұрқақ пен табиғат аясында тынығуға мүмкіндік беретін бөлмеге өтуге болады. Құрылыстың орталығы Альбекри алаңы болды, оның ортаңғы бөлігінде суқоймасы бар, осы алаң арқылы залдарға, қабылдау бөлмесіне, елшілік бөлмесіне өтуге болады. Алаңның екінші жағында орталығында «Арыстан сарайы» аталатын ғимараты бар комплекс орналасқан. Аталған құрылыс ауызынан су бұрқап тұратын 12 арыстан тіреп тұрған субұрқақпен көзге түседі. Сәулеттің к стиль өрнектердің көп болуымен сипатталады. Қабырғалардың төменгі жағы фаянстармен, ал жоғарғы бөлігі кілем өрнектерімен сәнделген. Колонналар кербез әрі жіңішке, ал аркалар кілем бахрамасына ұқсас. Қабырға, төбе және терезе араб жазуларымен сәнделген.

**Кордоба мешіті.** Абдель-Рахмане тұсында салынған мешіт батыс мемлекеттеріндегі ислам дінінің рөлін көрсетеді. Мешітті Дамаск мешіті мен Иерусалимдегі Эль-Акса мешітіне ұқсату көзделгені анық байқалады. Мешіт 4 наостан тұрды, әрқайсысы 20 колоннамен бөлінді. Мешіт бірнеше рет жөндеуден өтті: наостар тереңдетіліп, соған сәйкес атриумдар да кеңейтілді. Күмбезді тіреп тұрған колонналар антикалық үлгімен жасалған. Максуро – құбыла алдындағы кеңістік, доға тәріздес аркалары бар. Атриумнан ғибадатханаға кіретін есік қызметін атқаратын порталдар таға тәрізді өрнектермен сәнделген. Кордова мешіті түгелдей көркемдік жаңашылдыққа

толы: әсіресе өрнектеу асқан қарқындықпен дамып, діннің осы салаға әсер ететін қиялы шексіз болды.

**Севилия мешіті.** Қазіргі уақытта Санта-Мария дела Седе католиктік соборы Кордоба халифы Абу Якуб 1195 жылы салдырған Үлкен мешіттің орнында орналасқан. Алғашқы құрылыстан тек ішкі алаңға кіруге мүмкіндік беретін собордың солтүстік бөлігіне жалғасатын Апельсин алаңы мен Пуэрта деяь Пердон порталы («Кешірім қақпасы») сақталған. Мешіттің сақталған тағы бір бөлігі – Жиральда – биіктігі 100 м болатын ескі минарет.

**Жиральда.** 1195 жылы негізі қаланған төртбұрышты мұнара: жер сілкінісі нәтижесінде қират қалған жоғарғы бөлігінен басқа бөліктері түгелдей сақталған. Негізгі ерекшелігі - өрнектелген архитектуроналық массалар. Мұнара ішінде ең биік бөлігіне атпен шығуға мүмкіндік беретін баспалдақ бар.

**Альказар қамалы.** Альказар, Алькасар – X ғасырда негізі қаланған Севилиядағы сарай-қамал. Бүгінгі күні ежелгі Алькасардың ішкі алаңы мен қабырға бөліктері ғана сақталған. Негізгі бөлігі Қатыгез Педроның(1349-1368) тұсында мавритан шеберлерінің көмегімен салынған.

**Азоакра сарайы.** Араб жазушылары бізге жетпеген тамаша құрылыс – Азоакра патша сарайы туралы жазып кеткен. Сарай халифқа арналған бірнеше тұрғын үй комплекстері мен Византия, Рим және әлемнің басқа да елдерінен әкелінген колонналардан тұратын бақтармен қоршалған алаңнан тұрады. Колонналар саны 4312 болды; едендер мозаикадан, төбесі алтынмен, есіктері піл сүйегі, қара ағаш пен күміс қоладан жасалды. Бұл жерден адамдар мен жануарлардың фигураларын бейнелегенін көре аламыз. Залдардың бірі халифтың сүйікті күнінің есімімен аталып, оның мүсіні қойылды.

## **1. Бақылау сұрақтары.**

- 1) Мешіттердің негізгі түрлерін атап, айырмашылықтарын көрсетіңіз.
- 2) Колонналы-алаңды мешіт түріне негіз болған құрылыс түрі
- 3) Ортағасырлық Египеттің араб стиліндегі сәулет өнері ескерткіштері
- 4) Иерусалимдегі Ғибадатхана тауында орналасқан құрылыстарды ата
- 5) Түрік мешіттерінің араб және египеттік мешіттерден айырмашылығы қандай?
- 6) Константинопольдегі Қасиетті София соборы мешітке айналдырылған соң қалай өзгерді?
- 7) Испаниядағы араб стиліндегі құрылыстардың ерекшеліктері
- 8) Кордоба мешітін сипаттаңыз.

## **2. Әдебиеттер:**

1. Веймарн Б.В. Ислам: Классическое искусство стран ислама/ Б.В. Веймарн. – М.: Искусство,2002

2. Сокровища Исламской архитектуры/ Т.Стародуб-Еникеева. – М.: Белый город, 2004
3. Гнедич П.П Всемирная история искусств, М.: Современник, 1999
4. Бирюкова Н.В. История архитектуры: учебное пособие. – М.: ИНФРА-М, 2006
5. Большая иллюстрированная энциклопедия истории искусств. – М.: Махаон, 2007.